

## БАСТЫ БАҒЫТ – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Заман өзгерген сайын санамыз да, ойымыз да, пікіріміз де өзгешелініп келеді. Заманауи тұрғыда ойлау, ой-өрісті дамыту, уақыт талабына сай жан-жақты тұлға болу – бүгінгі күннің басымды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту, тіліміз бен дінімізді қастерлей отырып, ата-бабамыздың аманат етіп қалдырған асыл рухани мұрасын дәріптеу – бәрімізге ортақ мәселе.

Ел болып рухани жаңғыруымыздың басымды бағыттарының бірі – елді-мекен, ауыл және қалалардың көше атауларын өзгерту. Яғни, қазіргі таңдағы ұлттық идеология тұрғысына сәйкес етіп атау. Жасырын емес, кеңестік кезеңнен мұра болып қалған көше аттары, мәселен, біздің ауданда, әлі де толық қазақшаланбай тұр. Тіпті ұлттық рухымызды еш ояпайтын, елімізге, тарихымызға, тағдырымызға алыс атаулар нәліктен әлі де сақталып тұр деген ой келеді санаға. Егемендіктің туы желбіреген 30 жылдан астам уақыт ішінде жұмыс жасалды, бірақ қарқыны мез емес. Сондықтан білек түріп кірісетін жұмыс алдымызда. Осы және басқа да мәселелерді талқылау мақсатында өткен аптада жақсы бір бас қосу өз мәресіне жетті. Оған себеп болған – облыс деңгейінде ономастикалық жұмысты орындайтын мемлекеттік органдар өкілдерінің ауданымызға атбасын тіреп, семинар өткізуі.

Семинардың модераторлары – Ақмола облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Тоқтарқызы Кәрімова, Ақмола облысының тілдерді дамыту басқармасының ономастика және көрнекі ақпарат бөлімінің бас мамандары Әсем Байқалқызы Жұмағұлова және Дулат Достанұлы Қоспанов – семинар қатысушыларының қатарына енген ауыл әкімдеріне, мемлекеттік мекеме басшылары мен өкілдеріне пайдалы ақпарат берді. Түсіндірме мақсатында өткен семинар барысында ономастика мәселелері бойынша көптеген сұрақтар туындап,



оларға тиісті кәсіби жауап-кеңес берілді.

Таза мемлекеттік тілде өткен іс-шарада айтылған негізгі ойлардың бірі – ортақ мәселе төңірегінде жұмылып, барлық жұмысты бірлесе атқару. Сонымен қатар, көше атауларын өзгерту жұмысына да барынша жауапкершілікпен қарау керектігі тілге тиек етілді, себебі, бұл шаруаның көптеген қиын тұстары бар екені жасырын емес. Ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін әр салада өз беделі бар, халық алдында сөйлей алатын, сөзін нақты деректермен дәлелдей алатын тұлғаларды жиындарға қатыстыру керек деген пікір айтылды. Жан-жақтан қолдау болса, жұмыс ілгері жүрері даусыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорыта келген семинар модераторлары, іс-шараға қатысушыларға алдағы жұмыста табыс тілеп, жауапкершілікке шақырды. Атқарылар іс оңай емес, бірақ, бұл жұмыстың астарында маңызды идеологиялық негіз жатыр.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



## Акция «Я и мой полицейский»

Районный отдел полиции, а именно, группа ювенальной полиции, инициировала акцию «Я и мой полицейский», в рамках которой состоялась экскурсия для учащейся молодежи. Цель акции – формирование правовой грамотности несовершеннолетних, а также ознакомление с работой полиции и обучению мерам безопасности. Детям продемонстрировали служебные автомобили и разъяснены основные задачи, стоящие перед полицией. Учащимся очень понравился процесс разбора и сбора пистолета Макарова и автомата Калашникова, дети с большим интересом провели экскурсию по зданию районного отдела полиции, получили ответы на вопросы от полицейских.

По материалам Буландынского РОП.

## Құрметті салымшылар!

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша нысанға дауыс берудің басталуы туралы хабарлама.

Нысан: 60 пәтерлі тұрғын үй, Ақмола обл., Бұланды ауд., Макинск қ., 3. Космодемьянская к-сі, 3Б үй.

Тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны: «таза» әрлеуде 160 000 теңге.

Заемды рәсімдеу үшін ең төменгі бастапқы жарна тұрғын үйдің құнының кемінде 20%-ы, «Бақытты отбасы» бағытының қатысушылары үшін – тұрғын үйдің құнының кемінде 10%-ы.

Пәтер саны: 60 пәтер,

Пәтер түрі 1 бөлмелі: 30 пәтер, ауданы 29,34 ш.м-ге дейін, құны 4 694 400 теңге;

Пәтер түрі 2 бөлмелі: 18 пәтер, ауданы 44,07 ш.м-ге дейін, құны 7 051 200 теңге;

Пәтер түрі 3 бөлмелі: 12 пәтер, ауданы 53,5 ш.м-ге дейін, құны 8 560 000 теңге.

Өтініштер ЖАО-да кезекте тұрған Банк салымшыларынан ғана қабылданады. Қатысуға арналған өтінішті Банктің [www.otbasybank.kz](http://www.otbasybank.kz) интернет-ресурсында беруге болады.

Қазіргі уақытта, 60 пәтердің 20-сы сатылды, 40 пәтер бос (27 – бір бөлмелі, 13 – екі бөлмелі).

Байланыс телефондары: 87016149172, 87025729896

## Уважаемые вкладчики!

Объявление о начале голосования объекта по программе «Нұрлы жер».

Объект: 60-квартирный жилой дом, расположенный по адресу: Ақмолинская обл., Буландынский р-н, г.Макинск, ул.3. Космодемьянской, д.3Б.

Стоимость 1 кв.м. жилья: 160 000 тенге в «чистой» отделке.

Минимальный первоначальный взнос для оформления займа не менее 20%, для участников направления «Бақытты отбасы» – не менее 10% от стоимости жилья.

Количество квартир: 60 квартир,

Тип квартир 1 комн: 30 квартир, площадью до 29,34 кв.м, стоимостью до 4 694 400;

Тип квартир 2 комн: 18 квартир, площадью до 44,07 кв.м, стоимостью до 7 051 200;

Тип квартир 3 комн: 12 квартир, площадью до 53,5 кв.м, стоимостью до 8 560 000.

Заявления принимаются только от вкладчиков Банка, являющихся очередниками МИО. Заявку на участие можно подать на интернет ресурсе Банка [www.otbasybank.kz](http://www.otbasybank.kz).

В настоящее время, реализованы 20 квартир, свободны 40 квартир (27 – однокомнатные, 13 – двухкомнатные).

Телефоны для информации: 87016149172, 87025729896.

## «Жұлдызай» – звезды, что ярче других!

С 31 марта по 5 апреля 2022 года Центром по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Ақмола дарыны» Управления образования Ақмолинской области был проведен областной конкурс детского творчества «Жұлдызай» с участием детей с особыми образо-

формированию инклюзивной среды в казахстанском обществе.

Конкурс проводился по 4 номинациям: вокал, хореография, инструментальное исполнение, жостовое исполнение песни.

В конкурсе приняли участие 44 участника из Атбасарского, Аккольского, Буландынского, Жаксынского районов, городов Кокшетау и Степногорск.

Буландынский район представляли учащиеся Детской музыкальной школы города Макинска. По итогам конкурса определились победители.

Номинация «Вокал», в младшей возрастной категории Почетное 1 место заняла Асылай Марат, педагог А. Р. Тасанова.

Номинация «Инструментальное исполнение», в младшей возрастной категории Почетное 2 место занял Николай Конжуровский, педагог Р. В. Масёров.

Участникам конкурса были вручены дипломы за занятые места и ценные подарки. Педагогам вручили благодарственные письма руководителя Управления образования Ақмолинской области.

Поздравляем участников и педагогов с достойным достижением. Желаем творческих успехов.

**С. НУРЖАНОВ, директор Детской музыкальной школы г. Макинска.**



вательными потребностями.

Цель конкурса «Жұлдызай» – это развитие творческих способностей детей с особыми образовательными потребностями и способствовать

## Скажи наркотикам – «НЕТ!»

Чтобы жизнь человека была доброй, счастливой, необходимы различные составляющие, среди которых самое важное место занимает здоровье. Но существует много опасностей сегодня, из-за которых мы можем потерять свое здоровье.

Дети и наркотики. Это одно из самых страшных явлений в современном обществе.

Как показывают статистические данные, именно с наркотиками связано огромное количество несчастий – смертей и преступлений. Как известно, наркомания, это самая настоящая болезнь. И как любую болезнь, наркоманию надо уметь предотвратить.

Так, в КГУ «Молодежный ресурсный центр

Буландынского района» прошел антинаркотический месячник среди молодежи района. За этот период были проведены различные мероприятия: подготовлены брошюры с информацией о вреде наркотиков, с призывами вести здоровый образ жизни и размещены в общедоступном месте; проведены беседы по профилактике наркомании, ответственного отношения к собственному здоровью, освещению правовых аспектов употребления и распространения наркотиков, проведены беседы, круглые столы, диспуты, недели правовых знаний по профилактике вредных привычек и по ведению ЗОЖ, спортивные игры «Веселые старты» среди молодежи.

**Молодежный ресурсный центр района.**





## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Еліміздің өркендеп, әлемдік қауымдастықта беделі бар біртұтас ұлт болып қалыптасуы жолында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы зор, мәні терең. Ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, латын әліпбиіне көшу, «Туған жер» бағдарламасы, «100 жаңа есім жобасы» тағы басқа ел мүддесіне қызмет етер құндылықтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясына тоғысқан. Бір сөзбен айтсақ Рухани жаңғыру – табысты ел болудың кілті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылып келе жатқанына биыл 5 жыл. Осы орайда аудандық кітапханада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 5 жылдығына орай кездесу өтті. Оған «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы хатшысының міндетін атқарушы Раушан Түркіменбайқызы Хожабай, ішкі саясат бөлімі басшысының міндетін атқарушы Мерей Жанатқызы Жумабаева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Еслямбекқызы Тұртанова, мәдениет саласының ардагері Сәулетай Ералықызы Аймағамбетова, аналар кеңесінің төрайымы Людмила Анатольевна Ширинская және қала мектептерінің ұстаздары мен мектеп оқушылары қатысты.

«Әр адам өз елінің, жерінің соның ішінде өзі тұратын ауданының тарихын бес саусағындай білуі керек. Ол жердегі тарихи орындарды, шыққан тұлғаларды тануы керек»-дейді өз сөзінде өмірін мәдениет саласына ардагер зейнеткер Сәулетай Ералықызы.

Латын әліпбиіне көшу заман талабы, өркеніет көшіне ілесу екенін ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Еслямбекқызы баса айтып, жастарға кең мағлұмат берді.

Елімізде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының да қолға алынғаны баршаға аян. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көрген жаңа оқулықтар жайлы №1-мектептің тарих пәнінің мұғалімі Жұмабек Рахимжанұлы Алпысов баяндады.

Кездесу соңында жастар да өз ойларын ортаға салып, тың пікірлерімен бөлісті. Шара ауданымыздың «Құрметті азаматы», ардагер ұстаз Ермек Қаратайұлының мына өлеңімен түйінделді:

Тарихымыз басталған бірлік үшін,  
Жерімізді қорғадық тірлік үшін.

Қолға алып өткір найза жауға шаптық,  
Жұмсадық аямастан білек күшін.

Тарихты бірлік үшін хандар бастап,  
Жауларды көз алартқан қуып тастап.

Ұлытауда үш жүздің басын қосты,  
Абылай қазақ жеріне ұран тастап.

Содан бері бірлігіміз бұзылмаған,  
Тұрмыс жайы халқымыздың алға басқан.

Бүгінде салт-дәстүр қайта оралып,  
Қазақ тарихы жазылуда жаңа дастан.

Басталды қазақ жерінде жаңа дәуір,  
Бар халқы Қазақстанның туыс-бауыр.

Әйгілі қазақ аты басқа елдерге,  
Үлгісі бар көрсеткен әжептәуір.

Елбасы Нұрсұлтандай көргенім,  
Алға сүйреп ел-жұртын келді еркін.

Ынтымақ пен бірлікті ұран етіп,



Рухани жаңғыртуда елдің көркін. Ылайым бола берсін осылайша, Жер қорғасын жастарым Абылайша. Мәңгілік ел болайық бірлігі асқан, Басқаларға үлгі етіп Қазақстанды тамаша. «Рухани жаңғыру» – тұрақты дамудың кепілі. Ал, даму бар жерде үлкен өзгерістер, жаңа талаптар пайда болады. Сондақтан санасы ояу, жан-жақты дамыған, қалыптасқан, заманауи қоғамды бірге құрайық.

З. ЖАЙНАРБЕК.



## Тәуелсіздік

Тәуелсіздік – қадірім,  
Сыйға тартқан Тәңірім.  
Тарихымнан білемін,  
Тектіліктің қалыбын.

Тәуелсіздік – тамырым,  
Ерлік,айбат,арыным.  
Ертеңімді ойға алып,  
Кешегімді таныдым.

Тәуелсіздік - жігерім,  
Дінім,тілім,жүрегім.  
Жарып шықтық күндей боп,  
Қараңғылық түнегім.

Тәуелсіздік – бар бағым,  
Елім,жерім,ардағым.  
Тәңіріме тәу еттім,  
Орындалып арманым,

Тәуелсіздік - сүйгенім,  
Тәңірге бас игенім.  
Әлмисақтан азатпын,  
Қасқыр-мінез қазақпын,  
Осы менің түйгенім.

## Азаттық

Азаттық үшін айқаста,  
Қалмаған іздер қай таста.  
Шейіт боп қанша боздақтар,  
Көз жұмған талай шайқаста.

Ұлына болған шеп қорған,  
Көкірегімде дерт толған.  
Азаттық үшін айқаста,  
Қаншама жастар мерт болған.

Дүние мынау қатал-ау,  
Көз жастар қанша тамған-ау.  
От болып туған жастарым,  
Өртенбей кете барған-ау.

С. ИБРАГИМОВА.

## Келелі кездесу өтті

Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша Қараөзек ауылдық кітапханасында Қараөзек ауылдық Мәдениет үйі «Еңбек елдің – мұрасы» тақырыбы аясында өмірін ұстаздыққа арнаған Шарияздан Рашат пен кездесу өтті. Ел үшін ерінбей еңбек еткен, ұлағатты ұстаздың дара жолы өскелең ұрпаққа үлгі. Шараның жалпы мақсаты қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәрбиесін, еңбекқорлық құндылықтарын насихаттау, сол арқылы жастарды еңбекқорлыққа, сүйіспеншілікке баулу.

Кездесуіміздің алғашқы қонағы Шарияздан Рашат 1957 жылы қыркүйек айының 1-де Монғолия аймағының Алтай ауылында дүниеге келген. Жастарға өз өмірі жайлы былай таныстырды: «Бастауыш сыныпқа барғанға дейін ата-анамның қолында тәрбие алып, 8 жасымда мектепке бардым. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін орталықтағы 10 жылдық мектепті аяқтап, оқу орнына жолдама алдым. Ол оқу орны Монғолияның астанасы Улаан-Баатар қаласындағы Москваның Пушкин атындағы институтының филиалы еді. Онда жоғарғы білім алғаннан соң бір кездері білім алған мектебіме оралып, сол мектепте 10 жыл жемісті еңбек атқардым. Мектебіміздің үздік мұғалімі, министрліктің марапаты, жоғарғы білім марапаттары, дипломдары сонымен қатар «Білім теңізі» деген медальмен марапатталдым. 1987 жылы «Ең үздік» деген арнайы сыйлыққа да ие болдым. Осылайша 1992 жылдың шілдесінде атамекеніміз Қазақстанға жол тартып, Атбасар ауданы Атбасар совхозына келіп сол жерде жұмысымызды бастап кеттік. Сол жерде 8 жылдай мұғалім болып жұмыс істедім. 1999 жылы Бұланды ауданы Қараөзек ауылына қоныс аударып, 22 жылдай жұмыс жасадым. Көптеген жетістіктерге жеттім. Қостанай қаласындағы гуманитарлық институттың филология факультетін бітіріп, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі мамандығын алдым. Осылайша 30 жылдай қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен сабақ бердім. Бұл аталған жылдар ішінде оқушыларым да талай белестерді бағындырды, аудандық, облыстық, республикалық білім сайыстарында жоғарғы көрсеткіштерге, жүлделі орындарға ие болып, үздіктердің қатарына қосылып мектебіміздің мерейін үстем етті. Атап айтсақ Абай, Махамбет, Мұқағали оқулары, пән олимпиадаларында үздік атанды. Сонымен қатар ғылыми жұмыстарды жазып, облыста оны қорғап жүлделі орындарға ие болған оқушыларымда болды. Тек бұл ғана емес, аудан, облыстық айтыстарға қатысып жүрген оқушыларда аз емес. Көптеген оқушыларым жоғарғы оқу орнын бітіріп, мамандық алып, еңбек етуде.

Өзім көп балалы отбасыдан шыққан адаммын. Бес балам бар, еліміздің әр саласында қызмет атқарып жүр. Балаларымның барлығы менің ізімді қуған. Бірі физика, бірі бастауыш, бірі информатика, ал бірі IT маманы секілді жұмыс атқарып жатыр. Енді қазір құрметті демалыста зейнеткермін. Ал енді осы қазіргі жастарға, балаларға айтарым, мықты азамат болып, мына жаңа ғасырда жаңа Қазақстанды құратын, Отан үшін, ел үшін, жер үшін аямай қызмет жасайтын азамат болыңдар. Қазіргі жаһанда өз заманында адам баласы бір-бірінен тек білім арқылы ғана озады. Сол үшін қазақ елінің жастары, қазақ елінің ұрпағы білімді болса, біз еш нәрседен кенде болмаймыз. Сондықтан білімді болыңдар, саналы тәрбиелі сапалы білім алып, ата-аналарыңды ұстаздарыңды қуанытып, биіктерден көріне беріңдер. Еңбекке деген сүйіспеншілікті ояту керек, ол дұрыс бағытқа қарай жүруге итермелейді»-деп сөзін түйіндеді.

Өмірі өнегеге толы Шарияздан Рашат жастарға салықалы сөздерін, ақылын айтып, ақ батасын берді. Осындай кездесулердің жас ұрпақтың тәрбиесіне қосар үлесі зор.

Р. АХМЕТГЕРЕЕВА, Қараөзек ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастырушысы.



## Үш тұғырлы тіл саясаты «Бөлмені, пәтерді жалға алу» тақырыбындағы үш тілдегі тілдесім үлгілері (Реплики по теме «Снять в аренду комнату (квартиру)», «Renting a room (flat)»)

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
-Мен сізге жарнама бойынша хабарласып тұрмын	-Я звоню вам по объявлению	-I'm calling you about your advertisement
-Маған пәтерді (бөлмені) жалға алу керек	-Мне нужно арендовать квартиру(комнату)	-I'd like to rent a room (flat)
-Сізде пәтер, үй бар ма?	-У вас есть квартира(дом)?	-Have you a flat (house) to let?
-Маған бір бөлмелі пәтер керек	-Мне нужна однокомнатная квартира	-I want a single-room (flat)
-Бөлмеде екі кісілік төсек (кереует) болу керек	-В комнате должна быть двухспальная кровать	-I want a double-bed room
-Мен екі аптаға қаламын	-Я остаюсь на две недели	-I'll be staying for a fortnight
-Пәтерді қанша уақытқа жалдайсыз?	-На какое время арендуете квартиру?	-How long will you rent it?
-Сіз қашан орналасасыз?	-Когда вы въезжаете?	-When will you move in?
-Мен ерте орналасамын	-Собираюсь завтра	-I'd like it tomorrow
-Сіз қашан шығасыз?	-Когда вы будете съезжать?	-When will you move out?
-Бөлмені тазалау керек	-Нужно убратсья в комнате	-The room wants tidying up
-Бағасы қанша болады?	-Сколько стоит?	-What's the weekly price?
-Мен тек аптасына төлеймін	-Я буду оплачивать только за неделю	-I'll pay by week
-Аптасына қанша болады?	-Сколько стоит за неделю?	-What's the weekly price?
-Электр қуаты жалпы бағаға кіре ме?	-Электроэнергия входит в сумму?	-Is electricity included in a rent?
-Сізде арзандау пәтер бар ма?	-У вас есть подешевле квартира?	-Have you a less expensive flat?
-Сізге бірден төлеу керек пе?	-Вам сразу надо оплачивать?	-Is the downpayment necessary?
-Жалпы ақшаға тамақ ақысы кіре ме?	-Еда входит в общую сумму?	-Do you provide meals?
-Кілті қай жерден алуға болады?	-Где могу взять ключи?	-Wher can I get the key?

## САЙЛАУ – 2022

## ВЫБОРЫ – 2022

## Ақмола облысы Бұланды ауданы Қараөзек және Новобратск ауылдық округтерінің әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы

## ХАБАРЛАМАСЫ

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, 2022 жылғы 13 сәуірде Қараөзек ауылдық округі әкіміне келесі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Жүсіпова Айнагүл Көпейқызы	1970	Аға маман, Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Макинск қ.
Хамзин Марат Исманұлы	1961	Директор, Макинск қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі, а.Қараөзек.
Галатюк Наталья Олеговна	1990	Бас маман, Бұланды ауданы әкімі аппараты, а.Токтамыс

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, 2022 жылғы 13 сәуірде Новобратск ауылдық округі әкіміне келесі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Құсманова Мира Кенесқызы	1984	Бас маман, Бұланды ауданы әкімі аппараты, Макинск қ.
Жамантаев Валихан Қалиасқарұлы	1991	Директор, Партизанка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, а.Партизанка.
Цечоев Хусен Ахметович	1971	МІІ зейнеткері, Макинск қ.
Райтенбах Раиса Анатольевна	1970	Бастауыш сынып мұғалімі, Буденовка ауылының бастауыш мектебі, а.Добровольное
Молдаспаев Абзал Төлешұлы	1986	Басшы, аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі, Макинск қ.

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## СООБЩЕНИЕ

## о регистрации кандидатов в акимы Караозекского и Новобратского сельских округов

## Буландынского района Акмолинской области

Рассмотрев документы, поступившие в соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», Буландынская районная территориальная избирательная комиссия 13 апреля 2022 года зарегистрировала кандидатами в акимы Караозекского сельского округа в следующем составе:

ФИО	Год рождения	Должность
Жусупова Айнагүл Копеевна	1970 г.р.	Старший специалист, Централизованная библиотечная система, г.Макинск
Хамзин Марат Исманович	1961 г.р.	Директор, Общеобразовательная школа № 2 города Макинск, с.Караозек
Галатюк Наталья Олеговна	1990 г.р.	Главный специалист, Аппарат акима Ергольского сельского округа в г.Токтамыс

Рассмотрев документы, поступившие в соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», Буландынская районная территориальная избирательная комиссия 13 апреля 2022 года зарегистрировала кандидатами в акимы Новобратского сельского округа в следующем составе:

ФИО	Год рождения	Должность
Кусманова Мира Кенесовна	1984 г.р.	Главный специалист, Аппарат акима Буландынского района, г.Макинск
Жамантаев Валихан Калиасқарович	1991 г.р.	Учитель физкультуры, Общеобразовательная школа села Партизанка, с.Партизанка
Цечоев Хусен Ахметович	1971 г.р.	Пенсионер МВД, г.Макинск
Райтенбах Раиса Анатольевна	1970 г.р.	Учитель начальных классов, Начальная школа села Буденовка, с.Добровольное
Молдаспаев Абзал Толешович	1986 г.р.	Руководитель, Отдел по регистрации и земельному кадастру, г.Макинск

Буландынская районная территориальная избирательная комиссия.

Қараөзек ауылдық округі әкіміне кандидаттар  
Кандидаты в акимы Караозекского аульного округаГалатюк Наталья  
Олеговна

1990 жылы Ақмола облысы Бұланды ауданының Ерголка ауылында дүниеге келген.

Ұлты орыс. Білімі жоғары, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін «қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы жұмыс өтілі 10 жылдан астам, мемлекеттік қызметте 6 жылдан астам уақыт жұмыс атқарып келеді.

Қазіргі таңда «Ерголка ауылдық округінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқаруда.

Отбасы жағдайы: тұрмыста.

Ақмола облысы Бұланды ауданының Токтамыс ауылында тұрады.

Галатюк Наталья  
Олеговна

1990 года рождения. Родилась в селе Ерголка, Буландынского района Акмолинской области.

Национальность: русская

Образование высшее, окончила Кокшетауский государственный университет имени Шокана Уалиханова, по специальности «финансы».

Общий трудовой стаж более 10-ти лет, стаж государственной службы более 6-ти лет.

Работает главным специалистом государственного учреждения «Аппарат акима Ергольского сельского округа».

Семейное положение: замужем

Проживает в селе Токтамыс Буландынского района Акмолинской области.

Жүсіпова Айнагүл  
Көпейқызы

1970 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданының «Амангелді» совхозында дүниеге келген.

Ұлты қазақ. Білімі жоғары, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін «кітапхана жүргізу және библиография» мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы жұмыс өтілі 32 жылдан астам.

Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-нің әдістемелік – библиографиялық бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруда. Отбасы жағдайы: тұрмыста.

Ақмола облысы Бұланды ауданының Макинск қаласында тұрады.

Жусупова Айнагүл  
Копеевна

1970 года рождения. Родилась в совхозе «Амангельдинский» Кызылтуского района Северо-Казахстанской области.

По национальности казашка. Образование высшее, окончила Кокшетауский государственный университет имени Шокана Уалиханова по специальности «библиотечное дело и библиография».

Общий трудовой стаж: более 32 лет. Занимает должность заведующего методико-библиографического отдела КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта

Семейное положение: замужем

Проживает в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области

Марат Исманұлы  
Хамзин

1961 жылы 27 қарашада Ресейдің Омбы қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары, Көкше Академиясын Тарих мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1984 жылы Көкшетау облысы Уәлиханов ауданы «Заветы Ильича» орта мектебінде еңбек оқыту мұғалімі болып бастаған. 1995-1997 жылдары аудандық әскери комиссариаттың орынбасары қызметін атқарды. 2015 жылдан 2022 жылға дейін мектеп директоры, колледж директоры қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласындағы «№ 2 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің директоры болып жұмыс істейді. Отбасы жағдайы-үйленген, үш баласы бар. Қазіргі уақытта Бұланды ауданы, Қараөзек ауылында тұрады.

Хамзин Марат  
Исманович

Родился 27 ноября 1961 года в г. Омск (Россия). Национальность - казах. Образование - высшее, Академия Кокше, по специальности «История». Трудовую деятельность начал в 1984 году учителем трудового обучения средней школе «Заветы Ильича» Валихановского района Кокшетауской области. С 1995 по 1997 годы работал заместителем районного военного комиссариата. С 2015 года по 2022 годы занимал должности директора школы, директора колледжа. В настоящее время работает директором КГУ «Общеобразовательной школы № 2» г.Макинск Буландынского района Акмолинской области. Семейное положение - женат, имеет 3-х детей. Проживает в а.Караозек Буландынского района.

**САЙЛАУ – 2022****ВЫБОРЫ – 2022****Новобратск ауылдық округі әкіміне кандидаттар  
Кандидаты в акимы Новобратского сельского округа****Жамантаев Уәлихан  
Қалиасқарұлы**

1991 жылы 25 қаңтарда Ақмола облысы Бұланды ауданы Партизанка ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Ш.Уәлиханов атындағы университетін «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Макинск қаласы №5 орта мектебінде дене шынықтыру мұғалімі болып бастаған.

Жалпы жұмыс өтілі 10 жылдан астам дене шынықтыру мұғалімі. Партизанка орта мектебінде «дене шынықтыру және спорт» мұғалімі болып жұмыс атқаруда.

Отбасы жағдайы: үйленбеген.

Ақмола облысы Бұланды ауданы Партизанка ауылында тұрады.

**Жамантаев Валихан  
Калиаскарович**

Родился 25 января 1991 года в селе Партизанка Буландынского района Акмолинской области. Национальность - казах.

Образование высшее, университет Имени Ш.Уалиханова, по специальности «Физическая культура и спорт».

Трудовую деятельность начал в Макинской средней школе № 5 учителем физической культуры.

Общий стаж более 10 лет, учитель физической культуры и спорта. Работает в Партизанскую среднюю школу в качестве учителя физической культуры и спорта.

Семейное положение: не женат.

Проживает в с. Партизанка Буландынского района Акмолинской области.

**Қосманова Мира  
Кеңесқызы**

1984 жылы Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданының Кенащы совхозында дүниеге келген.

Ұлты қазақ. Білімі жоғары, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы жұмыс өтілі 16 жылдан астам, мемлекеттік қызметте 8 жылдан астам уақыт жұмыс атқарып келеді.

«Бұланды ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет істеуде.

Отбасы жағдайы: тұрмыста.

Ақмола облысы Бұланды ауданының Макинск қаласында тұрады.

**Кусманова Мира  
Кенесовна**

1984 года рождения, Родилась в совхозе Кенащинский Энебкшильдерского района Кокшетауской области

Национальность: казашка

Образование: высшее, Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова по специальности «Информационные системы».

Общий трудовой стаж - более 16-ти лет, стаж государственной службы - более 8-ми лет.

Работает главным специалистом государственного учреждения «Аппарат акима Буландынского района»

Семейное положение: замужем

Проживает в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области.

**Молдаспаев Абзал  
Төлешұлы**

1986 жылы Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Карл Маркс ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары, «Фемида» заң академиясын 2007 жылы «заңгер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2004 жылы Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Мақпал ауылында «Сұлтан» шаруа қожалығында бригадир болып бастаған.

Қазіргі кезде Ақмола облысы бойынша «Азаматтарға арналған мемлекеттік корпорациясы» КАО филиалының Біржан сал аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің басшысы болып қызмет атқаруда.

Тұрмыс жағдайы: үйленген.

Ақмола облысы Бұланды ауданының Макинск қаласында тұрады.

**Молдаспаев Абзал  
Толешович**

1986 года рождения. Родился в селе Карла Маркса Энебкшильдерского района Акмолинской области. Национальность: казах.

Образование: высшее, окончил в 2007 году юридическую академию «Фемида», по специальности «юриспруденция».

Трудовую деятельность начал в 2004 году бригадиром крестьянского хозяйства «Султан» села Мақпал Энебкшильдерского района Акмолинской области.

В настоящее время занимает должность руководителя Отдела по регистрации и земельному кадастру района Біржан сал филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» Акмолинской области.

Семейное положение: женат

Проживает в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области.

**Райтенбах Раиса  
Анатольевна**

1970 жылы 10 қазанда Целиноград облысы Мариновка ауданы Новобратское ауылында дүниеге келген.

Ұлты украин. Білімі жоғары, С. Сейфуллин атындағы педагогика институтын орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

Педагогикалық қызметін 1987 жылы бастаған. Жалпы жұмыс өтілі 30 жылдан астам.

Буденовка ауылының бастауыш мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс атқаруда.

Отбасылық жағдайы: тұрмыста. Үш баласы бар.

Ақмола облысы Бұланды ауданы Добровольное ауылында тұрады

**Райтенбах Раиса  
Анатольевна**

Родилась 10 октября 1970 года в селе Новобратское Мариновского района Целиноградской области.

Национальность украинка. Образование высшее, Окончила педагогический институт им. С.Сейфуллина по специальности «Русский язык и литература».

Педагогическую деятельность начала 1 сентября 1987 года в Добровольской восьмилетней школе учителем русского языка и литературы. Общий стаж более 30 ти лет.

Работает учителем начальных классов Начальной школе села Будёновка.

Семейное положение: замужем. Имеет троих детей. Проживает в селе Добровольное Буландынского района Акмолинской области.

**Цечоев Хусен  
Ахметович**

1971 жылғы 16 қаңтарда Ақмола облысы Бұланды ауданының Макинск қаласында дүниеге келген. Ұлты ингуш. Білімі жоғары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай заң институтын «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Ақмола облысы Зеренді ауданының Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда құрылыс учаскесінің жұмысшысы болып бастаған. Жалпы жұмыс өтілі 30 жылдан астам, оның ішінде 25 жылдан астам уақыт мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет атқарды.

Отбасы жағдайы: үйленбеген.

Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласында тұрады.

**Цечоев Хусен  
Ахметович**

Родился 16 января 1971 года в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области. Национальность - ингуш. Образование - высшее, Кустанайский юридический институт Министерства внутренних дел Республики Казахстан по специальности «Правоведение».

Трудовую деятельность начал в 1988 году рабочим строительного участка совхоза Сакена Сейфуллина Зерендинского района Акмолинской области. Общий трудовой стаж работы более 30-ти лет, из них более 25-ти лет в государственной службе в органах внутренних дел Республики Казахстан.

Семейное положение: не женат. Проживает в городе Макинск Буландынской района Акмолинской области.



# АҚПАРАТТЫҚ БЕТ

## ХАБАРЛАНДЫРУ – ОБЪЯВЛЕНИЕ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес.

«Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ **Қарамышевқа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізу туралы хабарлайды.**

**Күн тәртібі:** Ақмола облысы «Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округінің атауын өзгерту туралы ұсыныстарды қарау туралы».

**Өткізу орны:** Шұбарғаш ауылы, Достық көшесі, 42, «Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты.

**Өткізу уақыты:** 2022 жылғы 18 мамыр сағат 15.00-де.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес.

«Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округі Суворовқа ауылын есептік деректерден шығару, оны Бұланды ауданы Қарамышевқа ауылдық округі Отрадное ауылының құрамына енгізу мәселесі бойынша **Суворовқа ауылы тұрғындарының жиыны өткізілетіні туралы хабарлайды.**

**Өткізу орны:** Суворовқа ауылы, Центральная көшесі, 11, 1 пәтері.

**Өткізу уақыты:** 2022 жылғы 28 сәуір сағат 15.00-де.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес.

«Новобратск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округі Добровольное ауылын басқа елді мекендер санатына жатқызу және есептік деректерден шығару, оны Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округі Красносельское ауылының құрамына енгізу мәселесі бойынша Новобратск ауылдық округінің **Добровольное ауылының тұрғындары жиынының өткізілетіні туралы хабарлайды.**

**Өтетін орны мен уақыты:** Добровольное ауылы, 2022 жылғы 29 сәуір сағат 11.00-де медициналық пункт ғимаратында.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года, постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 февраля 2014 года №138, ГУ «Аппарат акима Карамышевского сельского округа Буландынского района» сообщает **о проведении собрания местного сообщества Карамышевского сельского округа.**

**Повестка дня:** «О рассмотрении предложений по переименованию Карамышевского сельского округа Буландынского района» Ақмолинской области.

**Место проведения:** село Шұбарғаш, улица Достық, 42, здание ГУ «Аппарат акима Карамышевского сельского округа Буландынского района».

**Дата и время проведения:** 18 мая 2022 года в 15.00 часов.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года, Законом Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года, ГУ «Аппарат акима Карамышевского сельского округа Буландынского района» сообщает **о проведении схода жителей села Суворовка Карамышевского сельского округа** по вопросу исключения из учетных данных села Суворовка Карамышевского сельского округа Буландынского района и включения его в состав села Отрадное Карамышевского сельского округа Буландынского района.

**Место проведения:** село Суворовка, улица Центральная, 11, квартира 1.

**Дата и время проведения:** 28 апреля 2022 года в 15.00 часов.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года.

ГУ «Аппарат акима Новобратского сельского округа» сообщает **о проведении схода жителей села Добровольное Новобратского сельского округа** по вопросу отнесения к категории иных поселений и исключения из учетных данных села Добровольное Новобратского сельского округа Буландынского района и включения его в состав села Красносельское Новобратского сельского округа Буландынского района.

**Место и время проведения:** село Добровольное, 29 апреля 2022 года в 11.00 часов в здании медицинского пункта.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес.

«Никольск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Бұланды ауданы Никольск ауылдық округі Ұлтуған ауылын басқа қоныстар санатына жатқызу және есептік деректерден алып тастау, оны Бұланды ауданы Никольск ауылдық округі Никольск ауылының құрамына енгізу мәселесі бойынша Никольск ауылдық округі **Ұлтуған ауылының тұрғындарымен жиналыс өткізілетіні туралы хабарлайды.**

**Өткізілетін орны мен уақыты:** Ұлтуған ауылы, 2022 жылғы сәуір 25 сағат 10.00-де бастауыш мектеп ғимаратында.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года.

ГУ «Аппарат акима Никольского сельского округа» сообщает **о проведении схода жителей села Ултуған Никольского сельского округа** по вопросу отнесения к категории иных поселений и исключения из учетных данных села Ултуған Никольского сельского округа Буландынского района и включения его в состав села Никольское Никольского сельского округа Буландынского района.

**Место и время проведения:** село Ултуған, 25 апреля 2022 года в 10.00 часов в здании начальной школы.

«Бұланды ауданы Никольск ауылдық округінің әкім аппараты» Никольск ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында 2022 жылдың 16 мамыр күні сағат 10.00-де өтетін **жергілікті қауымдастықтың жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.**

**Күн тәртібі:** «Никольское ауылының көшелерін қайта атау туралы ұсыныстарды қарастыру туралы».

ГУ «Аппарат акима Никольского сельского округа Буландынского района» сообщает, что 16 мая 2022 года в 10.00 часов в здании аппарата акима Никольского сельского округа **состоится собрание местного сообщества.**

**Повестка дня:** «О рассмотрении предложений по переименованию улиц села Никольское».

## О запрета вылова рыбы в период нереста

В период нереста и размножения рыбных ресурсов и других водных животных установлены сроки и введен запрет в следующих местах:

На водоемах Есильского бассейна на лов (отлов, сбор, заготовку):

- щуки, язя и судака – с 15 апреля по 15 мая;
- сазана (карпа) – с 20 мая по 20 июня;
- гаммаруса – с 1 августа по 14 сентября;
- цист артемии – с 1 марта по 15 июня;

- речных раков – с 1 июня по 15 июля;

- На рыболовство в реках Есиль, Нура, Селеты и во всех их притоках и водохранилищах в пределах Ақмолинской и Северо-Казахстанской областей – с 20 апреля по 20 мая.

**Н. МУХАМЕТЖАНОВ, главный специалист, РГУ «Есильская межобластная бассейновая инспекция рыбного хозяйства» Комитета рыбного хозяйства Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.**

## Пожароопасный сезон

Лето - пожароопасный период, в это время количество пожаров и загораний увеличивается в разы. И во многих случаях, с усилением ветра, даже небольшие очаги огня принимают большие размеры и зачастую приводят к тяжелым последствиям. При ветре и сухой погоде огонь молниеносно распространяется на соседние участки, строения, что усложняет работу подразделений пожарной охраны. Поэтому сухой мусор нужно не сжигать, а вывозить в специально отведенные места. Ни в коем случае нельзя оставлять без присмотра костры.

Особую тревогу вызывают случаи, когда виновниками, а иногда и жертвами пожара становятся дети. С наступлением лета дети большую часть времени проводят на улице, пользуясь отсутствием должного внимания

со стороны родителей, нередко с друзьями жгут костры и все это вполне может обернуться крупным пожаром.

Помните об ответственности за свои поступки: разведение костров, сжигание отходов и травы запрещено. Правообладатели земельных участков (собственники земельных участков, землепользователи, землевладельцы и арендаторы земельных участков), расположенных в границах населенных пунктов, садоводческих, огороднических или дачных некоммерческих объединений обязаны производить регулярную уборку мусора и покос травы. Границы уборки территорий определяются границами земельного участка на основании кадастрового или межевого плана. В полосах отвода и охранных зонах дорог, а также на

участках железнодорожных путей и автомобильных дорог не разрешается выбрасывать горящие шлак, уголь и золу, а также горящие окурки и спички во время движения железнодорожного подвижного состава и автомобильного транспорта.

Уважаемые граждане! Соблюдайте меры пожарной безопасности. Будьте особенно внимательны при обращении с огнем в «Летний пожароопасный период!» Не бросайте непотушенные сигареты на землю, сухая трава и скопившийся мусор легко загоряются. Ограничьте доступ детей к источникам огня. При пожаре звоните «101», «112».

**Е. БАЖАКОВ, главный специалист ОЧС Буландынского района, старший лейтенант гражданской защиты.**

## Пожароопасный период в лесах

Лес дышит, тревожится, убаюкивает, ласкает. В царстве безропотного покоя среди тенистых елей, добродушного гула сосен, заботливого шелота осин и берез приходит успокоение. Мир начинает казаться более светлым и совершенным. И как страшно видеть вырубленную, безликую землю с черными подпалинами от костров!

В настоящее время, очевидно, что проблема пожаров на природных территориях нашей страны (пожаров в лесах, лесопосадках, в степях, а также неконтролируемых палов сухой травы) становится с каждым годом всё более острой и актуальной. Последствия лесных пожаров ужасны. Ежегодные убытки от лесных пожаров не поддаются никакому исчислению в деньгах. Ущерб, наносимый этими пожарами природе и людям огромен.

Главным источником лесных пожаров, и практически единственным источником пожаров и палов сухой травы, является человек. Неправильное и неосторожное обращение с огнём является причиной более 90 процентов пожаров на природных территориях нашей страны в целом, и более чем 99 процентов пожаров на природных территориях в густонаселённых районах.

Поэтому одним из важнейших направлений разрешения этих проблем является осознание этих бед – экологической безграмотности населения, необходимости совершенствования экологической культуры. Формирование ответственного отношения каждого гражданина к окружающей среде должно быть направлено на изменение потребительского отношения к природе. Реальным средством снижения лесных пожаров является просвещение населения, так как профилактика пожаров – это важнейшая работа по их снижению. Совместная системная деятельность природоохранных учреждений, средств массовой информации, учреждений культуры и образования по формированию экологического поведения каждого человека постепенно может привести нас к положительным результатам.

Помните, что от незатушенной сигареты может загореться трава и возникнуть пожар. Сознательное поведение в лесу и строгое соблюдение несложных правил пожарной безопасности будет гарантией сбережения лесов от пожаров!

**О. ТУРУМБАЕВ, инспектор Буландынского лесничества ГНПП Бурабай.**

## Пожар можно предотвратить

Пожары приносят большие убытки, а часто ставят под угрозу и человеческую жизнь. Пожар - это огонь, вышедший из-под контроля человека. Для того, чтобы пожар начался, должны совпасть три условия: наличие горючего материала, необходимого количества кислорода для поддержания горения и зажигания от источника тепла. Достаточно исключить одно из этих условий и возгорание не состоится.

Пожар начинается тогда, когда температура возгорания материала окажется ниже температуры источника тепла. Среди наиболее частых причин возникновения пожара можно отметить следующие: невнимательность человека, дефекты электрических установок или нагревательных приборов, самовозгорание, молнии, большое число электроприборов, работающих от одной розетки и т.д. Случаются и умышленные пожары.

Причины невнимательности: курение в постели и запрещенных местах; использование бензина для зажигания печи; чистка одежды быстроспаряющимися веществами в плохо вентрируемых помещениях или там, где есть огонь; оставленные утюги или любые другие приборы под напряжением; бумага или абжурки, находящиеся слишком близко к горячей лампочке. Кроме того, пожар могут вызвать брошенные окурки, использование огня любого типа (свеча, факел, бензиновая лампа) в пожароопасных местах, переливание легковоспламеняющихся жидкостей по соседству с источником тепла, складирование вместе различных материалов, которые при соприкосновении самовозгораются.

Самовозгорание возникает от сдавливания воспламеняющегося материала. Часто это бывает при складировании мокрого сена. Давление нагревает до изменения физического состояния находящуюся в сене воду, доводя ее до кипения и превращая в пар. Таким образом, провоцируется феномен самовозгорания.

Самовозгорание может произойти также и в лесу, где на земле валяется бутылка, которая, превращаясь на солнце в линзу, концентрирует солнечные лучи до спонтанного возгорания находящейся под ней травы.

Тепло пожара разогревает окружающий материал, в то время как языки пламени и искры, переносимые ветром, легко находят то, что быстро воспламеняется.

Внутри дома пожар распространяется через двери, окна, лестницы, газо- и электропровода, а также через крышу, не считая таких хорошо горящих вещей, как мебель, занавески, коврики и одежда. Почти все пожары, исключая возникшие из-за взрывов, бывают вначале небольшими, их легко потушить с помощью символического стакана воды. Так как время, отведенное на тушение пожара, невелико, необходимо знать, какие именно меры следует быстро предпринять, не поддаваясь при этом панике.

**С. ЕСЕТОВ, старший инженер ОЧС Буландынского района, старший лейтенант гражданской защиты.**

